

Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына

Кімнен: «Көмек командасы» қоғамдық қоры
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	150440006647			
2. Ұйымның тіркелген күні	«06» сәуір 2015 жыл			
3. Ұйымның толық атауы	«Көмек командасы» қоғамдық қоры			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27 ш/а, 31 үй, 29 кеңсе			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Айтбай	Аты Қанат	Әкесінің аты (болған жағдайда) Сәлімгерейұлы	Лауазымы Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	Қордың қызметінің басты мақсаты қоғаммен етене жұмыс жасай отыра жастардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру, өлкеміздегі мүмкіндігі шектеулі мүжәлсіз отбасыларға рухани және әлеуметтік көмек беру, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру.			
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	жастар және қоғамның әртүрлі санат өкілдері.			
8. Ұйымның байланыс телефоны	+7 775 469-99-77; +7 777 788-08-98			
9. Электрондық пошта мекенжайы	komekkomandasy.kz@gmail.com			

10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	https://caspiantoday.kz/komek-komandasy/						
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	Instagram: @komek.komandasy Сілтеме: https://instagram.com/komek.komandasy?igshid=YmMyMTA2M2Y=						
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
					Басталуы	Аяқталуы	
	1.	Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-еңбек даулары мен кикілжіндердің пайда болу себептерін зерттеу жобасы	9 656 700	“Еуразия” қорының өкілдігі	Мамыр, 2022	Қаңтар, 2023	Жобаның қорытындысы бойынша Маңғыстау облысындағы еңбек жанжалдарының негізгі себептері анықталды. Сондай-ақ белгілі бір әлеуметтік көңіл-күйдің қалыптасуына ықпал ететін негізгі факторлар, қызметкерлердің мінез-құлық қатынасының үстемдігі, әлеуметтік шиеленіс қаупінің алдын алу және азайту үшін қажетті шаралар зерттелді. Зерттеушілер тобы зерттеу нәтижелері бойынша анықталған проблемалық мәселелерді шешу және жалпы ұжымдағы әлеуметтік татулықты нығайту үшін мүмкін болатын іс-шаралардың мысалдары мен ұсыныстарын әзірледі.

							Жобаның мақсатты тобы мұнай-газ секторының жұмысшылары мен өкілдері, кәсіподақ төрағалары болды. Сондай-ақ, жобаның басты жетістіктерінің бірі мұнай-газ компанияларының өкілдерін Ақтау қаласында 2 күндік оқу конференциясын өткізу арқылы бір алаңға жинап, қатысушыларды зерттеу нәтижелерімен таныстырды. Іс-шараға 100 адам қатысты. Сауалнамаға 4 мұнай мекемесінің 1500 жұмысшысы, Маңғыстау облысының 5 аймағының тұрғындарынан 1500 адам қатысып, 20 кәсіподақ ұйымының өкілдерімен сұхбат жүргізілді.	
	2	Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл-күйді азайту.	4 920 388	Маңғыстау облысы дін істері басқармасы	Мамыр 2023	Желтоқсан 2023	Маңғыстау облысында үлкен аудиторияны қамтитын Instagram және Tik-tok парақшаларында бейнероликтерді тарату. Маңғыстау облысының дін істері басқармасы әзірлеген 20 бейнероликті Маңғыстау облысында 50 000-нан астам жазылушысы бар 5 Instagram беттерінде таратылды. 20 бейнематериал 50 000 оқырманнан астам парақшаға	

							салынды. 5 жергілікті блогердің парақшаларына жарияланды. Маңғыстау облысы Дін істері басқармасы әзірлеген 20 видеоролик өңірдегі 5 блогердің парақшасына жарияланды. Бейнематериалдардың қамтылу аумағы кеңейді. Әлеуметтік желі беттерінде ақпараттық материалдарды таргеттеу. Маңғыстау облысының дін істері басқармасына тиесілі әлеуметтік желілер беттерінде 6 материалды таргеттелді. 1 материалдың жалпы қамтуы орташа есеппен 25000 адамды құрайды. Маңғыстау облысы Дін істері басқармасы дайындаған діни радикализмді азайтуға бағытталған видеоматериалдар облыстағы әлеуметтік желі қолданушылары арасында кең таралды. Ақпараттық брошюралар шығарылып таратылды. . Әлеуметтік желілерде тарату үшін демотиваторлар әзірлеу және Ақпараттық баннерді ай сайын Ақтау қаласының көшелерінде жарнамалық бейне экрандарда жарияланды. Дін саласына қатысты тақырыптық мақала әзірленді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында тик-
--	--	--	--	--	--	--	--

							ток парақшасына ай сайын қысқа бейнероликтер дайындалды. Теологтармен, дінтанушылармен және қоғам қайраткерлерімен подкаст түсіру және тарату. «Caspian Today kz» ақпараттық агенттігінің базасында теологтармен, дінтанушылармен және қоғам қайраткерлерімен подкаст түсірілді. Қарсы насихаттау жұмыстарын жүргізетін мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында семинарлар ұйымдастыру және өткізу. Өлеуметтік желі парақшаларын жүргізу алгоритмдері» тақырыбына семинар өткізілді.
3	Еңбек дауларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы шешу	2 700 000	Жаңаөзен қаласы ішкі саясат бөлімі	Маусым 2023	Қазан 2023	Жұмыс берушілермен және компаниялардың қызметкерлерімен, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының өкілдерімен еңбек жанжалдарының негізгі және қосалқы себептерін анықтау үшін сұхбат жүргізу үшін мұнай кәсіпшілігінің сервистік компанияларымен кездесу өтті. Талқылау үшін еңбек даулары саласындағы сарапшылармен (заңгерлер, еңбек инспекциясының мамандарымен) кездесу. Маңғыстау облысындағы кәсіподақ ұйымы өкілдерімен,	

						еңбек инспекциясының өкілімен, заңгерлермен кездесу өткізілді. Мұнай сервистік кәсіпорындарының жұмысшылары арасында социологиялық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты 5 мұнай-сервистік компания қызметкерлері қатысты. Сауалнама «Тенге ОйлГаз» ЖШС, «ӨзенМұнай Сервис» ЖШС, «FTC win» ЖШС, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС, «МұнайСпецСнаб» ЖШС басшылығы мен қызметкерлері қатысты. Сарапшы заңгермен еңбек кодексі бойынша еңбек даулары мен жанжалдарды шешуде құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша кеңес беру жұмысын жүргізілді. Еңбек кодексі бойынша еңбек даулары мен жанжалдарды шешуде құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру семинарын өткізілді. . Кәсіпорындарға ақпараттық брошюраны әзірлеу және тарату арқылы ішкі коммуникацияның маңыздылығы мен тиімділігі арттырылды.
--	--	--	--	--	--	--

							Жұмысшыларға еңбек дауларын шешудегі кәсіподақ ұйымдарының рөлі мен тиімділігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ақпараттық брошюра таратылды.
	4	Отбасылық құндылықтарды насихаттау және әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру	10 999 122	Маңғыстау облысы Ішкі басқармасы	Мамыр 2024	Қараша 2024	Республикалық спикерлерді тарта отырып әйелдер көшбасшылығын қолдауға бағытталған кемінде 25 әйел көшбасшысына арналған 5 компоненттен (қаржылық сауаттылық, жобалық менеджмент, ораторлық шеберлік, коммуникация, жеке бренд қалыптастыру) тұратын білім беру бағдарламасы іске асырылды. Дәстүрлі отбасы құндылығын насихаттаудағы республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен 200-ге жуық жас ата-аналарға арналған 2 мастер-класс өткізілді. Қоғамда отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған бейнероликтер әзірленіп, әлеуметтік желілерде, Маңғыстау облысындағы белсенді парақшаларда таратылды. Желі қолданушыларын, қазіргі отбасы құндылықтарын дәріптеп, оқырманға ой салу

	<table><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>мақсатында бейнероликтер интернет кеңістігінде таратылды.</td></tr></table>							мақсатында бейнероликтер интернет кеңістігінде таратылды.
						мақсатында бейнероликтер интернет кеңістігінде таратылды.		
2. Өлеуметтік жобаның командасы								
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Айтбай Қанат Сәлімгерейұлы - жоба жетекшісі Өлеуметтік жобаларды іске асырудағы тәжірибесі: 16 жыл. Ақтау қаласы бойынша “Адалдық Алаңы” жобалық кеңсесінің басшысы; Маңғыстау облысы Қоғамдық Кеңесінің, сондай-ақ осы Маңғыстау облысы Қоғамдық Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясы және “Жаңару” РҚБ мүшесі.							
2. Жұмыс тәжірибесі	– ОФ «Көмек командасы» – Ақтау, Қазақстан – Директор – 2015 ж. бастап – Caspian Today KZ ақпараттық порталы – Ақтау, Қазақстан – Директор – 2018 ж. бастап – «Қазына» Production Media Group – Ақтау, Қазақстан – Директор – 2016 ж. бастап – ТОО «Порт Курык» – Ақтау, Қазақстан – Баспасөз қызметінің бастығы – 2019 ж. бастап – Маңғыстау облысы Қоғамдық Кеңесінің мүшесі – Ақтау, Қазақстан – 2022 ж. бастап – Маңғыстау облысы Қоғамдық Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясы – Ақтау, Қазақстан – Комиссия мүшесі – 2022 ж. бастап							

- "Жанару" РҚБ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс – Ақтау, Қазақстан
- Қалалық филиал директоры
- 2019 ж. бастап

- Ақтау қаласы бойынша “Адалдық Аланы” жобалық кеңсесінің филиалы – Ақтау, Қазақстан
- Басшы
- 2020
- 2023

- Ақтау қаласының әкімдігі – Ақтау, Қазақстан
- Қала әкімінің кеңесшісі
- 2021
- 2022

- Антикор Маңғыстау облысының филиалы – Ақтау, Қазақстан
- Баспасөз қызметінің басшысы
- 2019
- 2020

- Маңғыстау облысы “Атамекен” ҰКП – Ақтау, Қазақстан
- Баспасөз қызметінің басшысы
- 2016
- 2018

- Маңғыстау облысының әкімдігі – Ақтау, Қазақстан
- Баспасөз қызметінің маманы
- 2016
- 2018

- “Қазақстан” ҚазТРК Маңғыстау облысы филиалы – Ақтау, Қазақстан
- Жоба редакторы
- 2011
- 2016

- “Тандем” ТРК – Ақтау, Қазақстан
- Бағдарлама директоры

	– 2004 – 2011
3. Қосымша мәліметтер	– ҚР Журналистер одағының мүшесі; – “Асар” әлеуметтік телевизиялық жобасының жетекшісі; – “Көмек командасы” әлеуметтік-телевизиялық жобасының авторы, – “Мейірімді қол” қайырымдылық жобасының жетекшісі; – “Атадан мирас” жобасының үйлестірушісі, – “Көмек командасы” қоғамдық қорының құрылтайшысы; – “Жас ұлан” әлеуметтік жобасының үйлестірушісі; – Өл-Фараби атындағы Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының түлегі; – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының грамотасы; – “Самұрық-Қазына” АҚ Басқарма төрағасының алғыс хаты; – “Атамекен” ҚР ҰКП “Тиімді коммуникация” тақырыбында біліктілікті арттыру сертификаты; – “Атамекен” ҰКП Басқарма Төрағасының ҚР Президентінің “Алтын сапа” сыйлығын және “Қазақстанның Үздік Тауары” республикалық конкурс-көрмесін ұйымдастыру жөніндегі сертификаты. – Маңғыстау облысы әкімінің “Жас тұлпар – 2013” сыйлығының иегері – “Жылдың үздік журналисті” номинациясы бойынша. – “Атамекен” ҰКП төрағасының ұлттық компаниялар мен кәсіпкерлік қоғамдастықтың имиджін арттыру жөніндегі сертификаты. – Қоғамдық қорлардың, түрлі спорттық ұйымдардың алғыс хаттары, қан тапсыру бойынша ерікті.
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме Facebook: https://www.facebook.com/kana.tandem?mibextid=LQQJ4d Instagram: https://instagram.com/misterfm?igshid=YmMyMTA2M2Y=	
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Ещанов Өсербай - бухгалтер
2. Жұмыс тәжірибесі	"Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл-күйді азайту" әлеуметтік жобасы Есепші "Еңбек дауларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы шешу" әлеуметтік жобасы Есепші Отбасылық құндылықтарды насихаттау және әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру – Есепші
3. Қосымша мәліметтер	

4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Жуматаева Акбота Паненовна – жоба үйлестірушісі
2. Жұмыс тәжірибесі	"Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл-күйді азайту" әлеуметтік жобасы Жоба аналитигі "Еңбек дауларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы шешу" әлеуметтік жобасы Жоба аналитигі Отбасылық құндылықтарды насихаттау және әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру – Есепші
3. Қосымша мәліметтер	
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	
3. Жоба туралы	
1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)	Жаңаөзен қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету
2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	Арнайы санаттағы балалардың ата-анасына қолдау көрсету
3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)	Ерекше бала тәрбиелеп отырған әрбір ата-ананың асыл арманы – ұрпағын қайткен күнде оңалту, оны аяққа тұрғызып, өмірге бейімдеу. Алайда жетеріне жете алмай тауы шағылып, жігері үгіліп жататындар да бар. Шарасыздық шыңырауға құлатып, одағай күйзеліс орға жықпас үшін ең алдымен баланы кішкентай кезінен бастап оңалту, бейімдеу орталықтарына жетелеген жөн. Мұндай орталықтар еліміздің кез келген аймағында бар. Ал, сол балаларды аяққа тұрғызу процессінде жүрген ата-анаға қолдау, олардың ішкі әлемін бөлісу, тыңдау, түсіну екінің бірінің қолынан келе бермейді. Жаңаөзен қаласында психоневрологиялық патологиясы бар 1 564 бала тіркелген, ал бүкіл Маңғыстау облысы бойынша ерекше қажеттіліктері бар балалар саны 7 688-ге жетіп отыр. Бұл көрсеткіштер аталған санаттағы балалардың ата-аналарына жүйелі психологиялық қолдау көрсету қажеттігін айқын көрсетеді. Өйткені мұндай ата-аналар көбінесе күйзеліс пен эмоционалдық дағдарысқа ұшырайды, қоғамнан оқшаулану сезімін бастан өткереді және өздеріне сенімсіздік танытады. Оларға қолдау көрсету – олардың психологиялық әл-ауқатын жақсартуға және балаларын өмірге бейімдеуге мүмкіндік береді. Осы ақпартты растау мақсатында төменде даун синдромымен немесе аутизм бар деп естіген, ананың жүрек жарды сұхбатын оқуға болады.

	Марал Әзімқызының екі баласы бар, үлкені бесте, кішісі төртте. Баланың дамуындағы проблемалар екі жасында ғана байқалған. Ол өте мазасыз болғанын айтады. «Дәрігерлер баламда даун синдромы немесе аутизм бар деген үкім шығарғанда, үмітсіздік тұңғығына түсіп, бас тарту, сенімсіздік сезімдерінен өтіп, терең депрессияға түскенім рас. Кейін әрине, бәрін ой елегінен өткізіп, баламды бұрынғыдан бетер жақсы көріп, оны сол күйінде қабылдадым, жігерлі болуға тырыстым. Интернеттен ақпарат іздей бастадым. Қалада осындай қоғамдық бірлестіктер, ерекше балалардың аналары жүгінетін мемлекеттік мекемелер бар екені қуантады», – деп бөлісті Марал Әзімқызы. (BAQ.kz). Осы сұхбаттың Қазақстан бойынша, тіпті Маңғыстау облысындағы кішкентай Жаңаөзен қаласының өзінде тағдырлас жандардың аз еместігін білеміз. Және де оларға рухани психологиялық қолдауға, көкейдегі сауалдарына жауап табуға, өзара тәжірибе алмасуларына, сондай-ақ, тиісті сала мамандарымен бетпе-бет сұхбат құруға қажеттілігі туындап отыр. Қазақстанда Білім және ғылым министрлігінің дерегіне сәйкес, 8 796 аутизмі бар бала тіркелген, бірақ бейресми деректер бойынша бұл көрсеткіш 30 мыңнан асады. Autism Speaks ұйымының мәліметінше, 2020 жылы әлемде әрбір 54 балаға аутизм диагнозы қойылған. Бұл мәліметтер ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына жүйелі психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету қажеттігін айқын көрсетеді. «Болашақ» қорының «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы ерекше балалардың білім алуын қолдауға бағытталған. 2015 жылдан бастап Қазақстанның 17 өңірінде инклюзияны қолдаудың 46 кабинеті ашылып, 600-ден астам бала мектепке қабылданды. 3 500-ден астам маман арнайы оқудан өтті. Бұл жоба инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге айтарлықтай үлес қосты. Ата-аналарға мотивациялық қолдау көрсету мақсатында «Autism Talks» сияқты кездесулер өткізіліп, тәжірибе алмасуға жағдай жасалуда. Мұндай шаралар ата-аналардың психосоциалдық күйін жақсартуға, олардың қоғаммен байланысын нығайтуға мүмкіндік береді. Жоба аясында ерекше балалардың ата-аналарына қолдау көрсету және ақпараттандыру мақсатында осындай іс-шараларды кеңейту қажеттілігі туындап отыр. Инклюзивті білім беруді дамыту, әлеуметтік бағдарламаларды жақсарту және ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру ерекше балаларды тәрбиелейтін отбасылар үшін аса маңызды қадам болып табылады. Ерекше баланы тәрбиелеу арқылы өзінді қалай жоғалтпау керек?, Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың жағдайы, Отбасындағы психологиялық ахуал баланың дамуына қалай әсер етеді? Қазір ерекше балалар үшін қажетті корекциялық, педагогикалық, медициналық жағдай жасалғанымен, аналар үшін қажетті қолдау жоқ. Мемлекет мүгедек балалардың ата-аналарына түрлі ақшалай жәрдемақылар мен жеңілдіктер түрінде айтарлықтай қолдау көрсетеді. Мамандандырылған орталықтар, балабақшалар мен мектептер ашылуда. Бірақ мұндай қолайлы қаржылық жағдайға қарамастан, науқас балалары бар аналардың психологиялық және кәсіби тұрақсыздығы проблемалары шешімін таппай отыр. Ерекше балаларға тәрбие беріп отырған ата-аналарға қолдау қажет.
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Басты мақсат – ерекше балалардың ата-аналарына рухани әрі психологиялық көмек көрсету.
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	- Арнайы маманды тарта отырып, психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына арналған 2 топтық кездесу ұйымдастыру.

	- Республикалық деңгейдегі психологтар немесе басқа өңірден арнайы шақырылған мамандарды шақыра отырып, ата-аналарға жеке кеңес беру өткізу. - Психоневрологиялық патологиясы бар балалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйретуге бағытталған 5 оффлайн оқыту/вебинарлар сериясын ұйымдастыру - Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында онлайн чат құру. - Ерекше балаларға және ата-аналарына бір-бірімен кездесіп, араласуға және жаңа дағдыларды үйренуге бағытталған 3 іс-шара ұйымдастыру. - Арнайы бастамалар аясындағы іс-шаралар Жоба шеңберінде, жеке бастамалар негізінде, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналарына арналған «1 маусым – Балаларды қорғау күні» және «Жаңа жылдық арнайы мерекелік шоу-концерт» ұйымдастыру.
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).	Жаңаөзен қаласы бойынша психоневрологиялық патологиясы бар балалардың кемінде 50 ата-анасына психологиялық қолдау көрсету және психозмоционалдық күйін (<i>жағдайын</i>) жақсарту. Ең алдымен төмендегі межелеген мақсаттарға қол жеткізу үшін, ата-ананың толыққанды қатысуына арнайы ерекше балаларға күтім жасайтын мамандар тобын құру. Кездесулер, оқытулар, іс-шаралар жүзеге асатын орындарда, ерекше балаларды қарайтын, күтімін жасауға қолайлы орындар бөлмелер даярлау қажет. Бұлардың барлығын не себепті дайындап, арнайы мамандар тобын не үшін құруымыз қажет деген сұрақ туындайды. Осы жобаны зерттей келе Жаңаөзен қаласындағы ерекше баланың ата-анасына сұрақ қойылды жауабына сәйкес осындай тұжырымға келдік. Себебі, егерде ерекше балаларға ата-ана тарапынан көңілі, күтімі бөлінбесе уақытының көп бөлігін балаға арнамаса бала өзін жайсыз сезініп, психоневрологиялық патологиясы өршіп кету ықтималдылығы туындайды, ол дегеніміз ата-ананың қоғамдағы орнын жоғалтып алуына алып келеді. Ата-ана төмендегі оқыту процесстеріне толыққанды қатысып, психологиялық қолдау алуын, оффлайн оқытудан немесе вебинарлар сериясынан білім алуынын тереңдете уақытын тиімді пайдалануға көмектесу мақсатында осындай арнайы мамандар яғни күтушілер мен арнайы орындау дайындау қажеттілігі туындады. Осылайша ата-ана бұл процесстерде тереңірек ене алады. Бұл дегеніміз – бұл жоба ата-аналардың психикасына қолдау беріліп, өсуіне оң динамика әкелетіні көрсетіледі. Өйткені процесс барысында олардың балаларына да қараймыз. Яғни, күтушілер ата-ана психозмоционалдық қолдау және білім алу уақытында, ерекше балаларға қамқорлық көрсетіп күтімін жасайды. Ал, егер психоневрологиялық патологиясы жоғары балалардың ата-аналары болатын болса үйлерінен шығу қиындық тудырса, арнайы мамандарды оқыту немесе кездесу уақытында үйде балаға күтім жасау жағдайын қарастыруға болады. 1. Арнайы маманды тарта отырып, психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына арналған 2 топтық кездесу ұйымдастыру. Әр топ кемінде 5 адамнан тұрады, жалпы қамту кемінде – 10 ата-ана. Топтық кездесуді 2 күнге бөлу арқылы, әр күні 5 ата-анадан қамти отырып, арнайы маманмен кездесуін іске асыру. Кездесу қазақ және орыс тілінде өтеді. - 10 ата-анаға арнайы маманды тарта отырып топтық кездесуді ұйымдастыру үшін ең алдымен, арнайы маманды іздестіру онымен күнтізбелік жоспарға сәйкес уақытын келісу және бекіту. - Кездесу барысында ерекше балаларға күтім жасайтын, арнайы күтушілер немесе мамандар тобын құру, келісу. - Топтық кездесудің болатын орнын анықтау. Кездесудің өтетін орнын анықтағаннан кейін, арнайы жабдықтармен жабдықтау. - Ерекше балаларға арналған сыйымдылығы 10 адам бөлме даярлау.

	2. Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологтар немесе психоневрология мамандары (басқа өңірден арнайы шақырылған) жеке кеңес беруді өткізу. Мамандармен жеке кездесуге кемінде 15 ата-ана қатысады. 15 ата-анаға жеке кеңес беру бағдарламасы 3 күнге созылады. 1 күнде 5 ата-ананы қамти отырып, әр ата-анаға 1 сағат уақыт бөлінеді. Бұл жоспарлы бағдарламамен ата-аналарға кеңес беру мақсатының орындалуының тиімділігін және де ата-аналардың көкейіндегі сұрақтарға жауап алуына, психозмоционалды қолдауды өз мөлшерінде алуда жоғары деңгейді көрсету ықтималдылығы жоғары болады. - Күнтізбелік жоспарға сәйкес басқа өңірден ата-аналарға жеке кеңес өткізуге психологтар немесе психоневрология мамандарымен келіссөз жүргізу. Жоспар бойынша 2 маман тарта отырып. Қиындықтарға тап болған ата-аналарға нақты көмек көрсету үшін тәжірибелі психологтар мен психоневрология мамандары тартылады. - Кеңес алу бөлмелерін жалға алу және де оған жайлы атмосфера дайындау. - Кеңес алу барысында ерекше балаларға күтім жасайтын, арнайы күтушілер немесе мамандар тобын құру, келісу. - Ерекше балаларға арналған сыйымдылығы 10 адам бөлме даярлау. - Арнайы мамандармен кеңес алу тілі ата-аналарға ыңғайлы тілде өтеді. - Кеңестер ата-аналардың психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталады. 3. Психоневрологиялық патологиясы бар балалармен қарым-қатынас жасаудың негізгі дағдыларын үйретуге бағытталған кемінде 15 ата-анаға арналған кемінде 5 оффлайн оқыту/вебинарлар сериясын ұйымдастыру. - Оффлайн оқытуға арнайы білім беретін мамандар тарта отырып, оқытудың бағдарламасын және жоспарын құрып, 5 оффлайн оқыту сериясын іске асыру. - Оқыту ұзақтығы күнтізбелік жоспарға сәйкес 5 аптаға бөлінеді, ата-аналардың уақытына байланысты икемділік қарастырылады. - Сабақтарда ерекше балалармен қарым-қатынас орнату дағдылары, стрессті басқару әдістері, инклюзивті білім берудің негіздері қарастырылады. - Сабақ өтетін орын мен ерекше балаларға арналған күтім жасайтын арнайы мамандармен бөлме даярланады. - Оқу бағдарламалары мен кездесулерді өткізуге арналған залдар, онлайн-платформалар. Әр кездесуде ата-ана психологиялық қолдау алу уақытында, балаларына көңіл бөліп қарайтын арнайы ерекше балалармен тіл табыса алатын мамандарды шақырту, жеке бөлме даярлау, балалардың қажеттілігімен қамтамасыз ету. 4. Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында онлайн чат құру. - Чат WhatsApp немесе Telegram платформаларында құрылады, себебі бұл қосымшалар ата-аналар үшін ең ыңғайлы әрі қолжетімді. - Чатқа психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары, психологтар, арнайы педагогтар және әлеуметтік қызметкерлер қосылады. - Ата-аналар күнделікті қиындықтарымен бөлісіп, бір-біріне қолдау көрсете алады. - Мамандар ата-аналарға қажетті кеңестер беріп, сұрақтарына жауап береді. - Чатта психологиялық жаттығулар, мотивациялық материалдар, баланы тәрбиелеуге арналған ұсыныстар тұрақты түрде жарияланады. - Психологтар мен мамандар тарапынан жоспарлы түрде тақырыптық талқылаулар өткізіледі. - Қатысушылардың кері байланысы жиналып, чат жұмысы жетілдіріліп отырады.
--	--

	5.Кемінде 10 ата-ана мен олардың балалары бір-бірімен кездесіп, араласуға және жаңа дағдыларды үйренуге бағытталған кемінде 3 іс-шара <i>(мысалы, таза ауаға шығу, мастер-классстар және т.б. сияқты)</i> ұйымдастыру. - Ашық аспанда эстафеталық ойындар ұйымдастыру. Күнтізбелік жоспарға сәйкес эстафеталық ойынның болатын уақытымен өткізу орнын анықтау. Ойынды жүргізетін жүргізуші, әділ-қазылар, ойынды бақылаушы еріктілер бекіту. Эстафета кезеңдерін анықтау, бағдарлама даярлау. Эстафеталық ойынға қажетті ойын кезеңдеріне қажетті жабдықтарды қамтамасыз ету. Марапаттауға арналған жабдықтарды қамтамасыз ету, сыйлықтар алу. - Таза ауаға немесе теңіз жағасында пикник ұйымдастыру. Жаңаөзен қаласына жақын теңіз жағасындағы әкімшілік жағажаймен келіссөз жүргізу. Жағажайға арнайы жабдықтарды даярлау. Балаларға арнайы бақылаушылар мен волонтерлер тағайындау. Ата-ана мен балаларға, ұйымдастырушы топқа, еріктілерге жағажайға дейінгі трансфер дайындау. Су, тағамдарды қамтамасыз ету. - Отбасылық фотосессия ұйымдастыру. Фотосессия өткізетін арнайы студия жалға алу. Тәжірибелі 2 фотограф шақыру. Балалардың еркін сезілу үшін аниматорлық студияның демалуымен, аниматорлар мен ойын элементтерін қою. Әрбір отбасымен 10-15 минуттық фотосессия ұйымдастырылады. Фотосессия бағдарламасы ұйымдастырылады. Түсірілім аяқталғаннан кейін әр отбасыға 5 немесе 10 өңделген фотоны табыстау. Ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасылардың өміріндегі маңызды сәттерді естелікке сақтау. Ата-аналар мен балаларға эмоционалдық қолдау көрсету және өздерін ерекше сезінуге мүмкіндік беру. Отбасылардың бір-бірімен танысуы мен қарым-қатынас орнатуына ықпал ету. 6.Арнайы бастамалар аясындағы іс-шаралар Жоба шеңберінде, жеке бастамалар негізінде, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналарына арналған «1 маусым – Балаларды қорғау күні» және «Жаңа жылдық арнайы мерекелік шоу-концерт» ұйымдастырылады. Мерекелік бағдарламалар балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға, олардың әлеуметтенуіне ықпал етуге және ата-аналардың бір-бірімен жақынырақ танысуына жағдай жасауға бағытталған. Іс-шаралар ойын-сауық бағдарламаларын, мерекелік ертеңгілік, анимациялық шоу элементтерін және шығармашылық мастер-классстарды қамтиды.
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	Сәуір, 2025
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	Қазан, 2025
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласының психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары.
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	1. Психологиялық қолдау – кемінде 50 ата-ана жоба аясында психологиялық көмек пен ақпараттық қолдауға ие болады. 2.Қатысушылардың қанағаттану деңгейі – сауалнама нәтижелеріне сәйкес жобаға қатысушылардың кемінде 70%-ы жоғары қанағаттанушылық көрсетеді. 3.Оқыту нәтижелері – 5 модульден тұратын оқыту бағдарламасын кемінде 15 ата-ана аяқтайды, олардың балаларына деген қарым-қатынасын жақсарту деңгейі бағаланады.

		4.Қоғамдық байланыс – ата-аналарға арналған онлайн-чатқа кемінде 30 адам тұрақты қатысады және белсенділік көрсетеді.			
		5.Әлеуметтік бейімделу – ұйымдастырылған 3 іс-шара барысында ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынасы жақсарады, олардың қоғаммен байланысы нығаяды.			
		6.Мерекелік іс-шаралар – Kazyna Production аниматорлық компаниясының қолдауымен 1 маусым – Балаларды қорғау күні және 31 желтоқсан – Жаңа жыл мерекелеріне арналған шоу-концерт өткізіледі, оған кемінде 50 бала мен олардың ата-аналары қатысады.			
Сандық нәтижелері		1. Арнайы маман шақырып, 10 ата-ананы қамти отырып, 2 күндік топтық кездесу ұйымдастыру. 2. Басқа өңірден арнайы психолог немесе психоневрологиялық 2 маман тарта отырып, 15 ата-ананы қамтитын, 3 күндік жеке кеңес беруді өткізу. 3. Психоневрологиялық патологиясы бар балалармен қарым-қатынас жасаудың негізгі дағдыларын үйретуге бағытталған 5 оффлайн оқыту сериясын ұйымдастыру. 15 ата-анаға арналған, оқу ұзақтығы 5 аптаға созылатын, арнайы 3 маман тарта отырып. 4. Ерекше балалардың ата-аналарының арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында, арнайы 1 платформада онлайн чат құру. 5. 10 ата-ананы және оның психоневрологиялық патологиясы бар балаларын қамти отырып, 3 іс-шара ұйымдастыру. (Эстафеталық ойындар, теңіз жағасында пикник, отбасылық фотосессия, 2 кәсіби фотограф тарта отырып, әр отбасыға 5-10 өңделген фотонь табыстау. 6. 50 ерекше бала және олардың ата-аналарын қамти отырып, жеке бастамалар шеңберінде 2 мерекелік ертеңгілік ұйымдастыру.			
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері		Қатысушылардың кері байланысы, сауалнамалар мен пікірлер арқылы бағаланады.Ата-аналардың психоэмоционалдық жағдайындағы өзгерістер, психологтар мен сарапшылардың бағалауымен анықталады.Әлеуметтік байланыстарды нығайту, ата-аналардың іс-шаралар мен онлайн қауымдастықтарға қатысу белсенділігі арқылы өлшенеді.Сапа индикаторларын өлшеу тәсілдері бекітіледі және жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес өзінің сәйкестігін ұстанатын болады.			
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* * Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады		Серіктес Caspian Today KZ ақпараттық агенттігі		Қолдау түрі Ақпараттық қолдау	
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады		Caspian Today KZ ақпараттық агенттігінің ресми сайтында, инстаграм әлеуметтік желісінде өткен іс-шаралар туралы материалдар шығарылады.			
4. Күнтізбелік жоспар					
№ P\с	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер

1	Арнайы маманды тарта отырып, психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына арналған 2 топтық кездесу ұйымдастыру.	Жаңаөзен қаласы бойынша психоневрологиялық ауытқуы бар балалар тізімін алып, 50 ата-ананы іріктеу. Топтық кездесу өткізетін маманды тапсырыс берушімен келісіп, бекіту. Балаларға арнайы күтім жасайтын маманды бекіту. Өткізілетін орны мен күнін бекіту. Өткізілетін орны кездесу өткізу және балаларға арнайы күтім жасалатын бөлмесінен тұрады.	Сәуір 2025	Сәуір 2025	Іс-шараны өткізетін маманды бекіту. Кездесу өткізетін орын мен кездесу барысында балаларға күтім жасайтын маманды бекіту. Өткізілетін кездесудің жасақталған бағдарламасын ұсыну. Іс-шара туралы әлеуметтік желіде басталуы мен өткендігі жөнінде әлеуметтік желіде 2 жарияланым шығады.
		Топтық кездесу 2 күнге бөліп өткізіледі, әр күні 5 ата-анадан қамти отырып, арнайы маманмен кездесу іске асырылады. 10 ата-анаға арнайы маманды тарта отырып топтық кездесу ұйымдастырылады.	Мамыр 2025	Мамыр 2025	Жоба міндетінің күтілетін нәтижелері арнайы мамандардың қатысуымен өткен топтық кездесулер ата-аналар арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, ерекше балаларды тәрбиелеу барысында кездесетін ортақ мәселелерді шешудің тиімді жолдарын талқылайды. Әрбір ата-ана өзінің баласына қолдау көрсетудің жаңа әдістерін меңгеріп, практикалық кеңестер алады. Топтық кездесулер нәтижесінде ата-аналардың эмоционалдық жағдайы жақсарып, оқшаулану деңгейі төмендейді. Әр топ кемінде 5 адамнан тұрады, жалпы қамту кемінде – 10 ата-ана.
2	Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологтар немесе психоневрология мамандары (басқа өңірден арнайы шақырылған) жеке кеңес беруді өткізу.	Ата-аналарға арналған жеке кеңес беруді өткізу үшін басқа өңірден шақырылатын 2 маман келісіліп, бекітіледі. Өткізілетін орны мен қатысушылар тізімі бекітіледі. Кеңес алуға кірген ата-ананың баласына арнайы күтім жасайтын маман бекітіледі.	Мамыр 2025	Мамыр 2025	Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына басқа өңірден келген 2 (екі) психолог/психоневрология мамандары кеңес өткізу үшін келесіліп, бекітіледі. Қатысушылардың тізімі келісіліп, бекітіледі. Іс-шара болатыны туралы әлеуметтік парақшаға 1 хабарландыру жарияланады.

		15 ата-анаға жеке кеңес беру бағдарламасы 2 күнге созылады. Әр ата-анаға 1 сағат уақыт бөлінеді. Бұл жоспарлы бағдарламамен ата-аналарға кеңес беру мақсатының орындалуының тиімділігін және де ата-аналардың көкейіндегі сұрақтарға жауап алуына, психоэмоционалды қолдауды өз мөлшеірінде алуда жоғары деңгейді көрстеу ықтималдылығы жоғары болады. Басқа өңірден ата-аналарға жеке кеңес өткізуге психологтар немесе психоневрология мамандарымен келіссөз жүргізу. Жоспар бойынша 2 маман тарта отырып. Қиындықтарға тап болған ата-аналарға нақты көмек көрсету үшін тәжірибелі психологтар мен психоневрология мамандары тартылады.	Маусым 2025	Маусым 2025	Психоневрологиялық патологиясы бар 15 баланың ата-анасы басқа өңірден шақырылған мамандармен жеке кеңесін өтеді. Әр ата-ана келген мамандардан 1 сағаттық кеңес алады. Жоба міндетінің күтілетін нәтижелері қатысушы ата-аналар психологиялық тұрақтылыққа ие болып, ерекше балаларымен қарым-қатынасты жақсартудың тиімді тәсілдерін меңгереді. Психологтар мен психоневролог мамандардың қолдауы арқылы ата-аналардың эмоционалдық жағдайы тұрақтанып, күйзеліс деңгейі төмендейді. Мамандардың ұсыныстары ата-аналардың балаларымен сапалы уақыт өткізуіне және даму ерекшеліктерін ескеріп, қарым-қатынас орнатуына көмектеседі. Кеңес алған ата-аналардың қанағаттану деңгейі – кемінде 80%. Қатысушылар саны – 15 ата-ана.
3	Психоневрологиялық патологиясы бар балалармен қарым-қатынас жасаудың негізгі дағдыларын үйретуге бағытталған кемінде 15 ата-анаға арналған кемінде 5 оффлайн оқыту/вебинарлар сериясын ұйымдастыру.	Оффлайн оқытуға арнайы білім беретін мамандар тарта отырып, оқытудың бағдарламасын және жоспарын құрып, 5 оффлайн оқыту сериясын іске асыру. Оқыту ұзақтығы 5 аптаға бөлінеді. Сабактарда ерекше балалармен қарым-қатынас орнату дағдылары, стрессті басқару әдістері, инклюзивті білім берудің негіздері қарастырылады. Сабак өтетін орын мен ерекше балаларға арналған күтім жасайтын арнайы мамандармен бөлме даярланады.	Шілде 2025	Тамыз 2025	Жоба міндетінің күтілетін нәтижелері еліміздің ата-аналар ерекше балалармен қарым-қатынас жасаудың негізгі әдістерін меңгереді және оларды күнделікті өмірде қолдана бастайды. Балалармен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар азайып, ата-аналардың сенімділігі артады. Оқыту бағдарламасы барысында ата-аналардың эмоционалдық тұрақтылығы жақсарып, стресстік жағдайларды басқару дағдылары дамиды. Оқыту барысында ата-аналар тәжірибе алмасып, бір-біріне қолдау көрсету жүйесі қалыптасады. Жобаға қатысушылардың кемінде 80%-ы бағдарламаны аяқтап, кері байланыс арқылы оның тиімділігін растайды.

4	Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында онлайн чат құру.	Чат WhatsApp немесе Telegram платформаларында құрылады, себебі бұл қосымшалар ата-аналар үшін ең ыңғайлы әрі қолжетімді. Чатқа психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары, психологтар, арнайы педагогтар және әлеуметтік қызметкерлер қосылады. Ата-аналар күнделікті қиындықтарымен бөлісіп, бір-біріне қолдау көрсете алады. Мамандар ата-аналарға қажетті кеңестер беріп, сұрақтарына жауап береді. Чатта психологиялық жаттығулар, мотивациялық материалдар, баланы тәрбиелеуге арналған ұсыныстар тұрақты түрде жарияланады. Психологтар мен мамандар тарапынан жоспарлы түрде тақырыптық талқылаулар өткізіледі. Қатысушылардың кері байланысы жиналып, чат жұмысы жетілдіріліп отырады.	Тамыз 2025	Қазан 2025	Ата-аналар арасында сенімді қарым-қатынас орнап, бір-біріне қолдау көрсету деңгейі артады. Психологтар мен мамандардың онлайн кеңестеріне қолжетімділік қамтамасыз етіледі, ата-аналар психологиялық тұрғыдан тұрақты қолдау алады. Чатта белсенділік жоғарылап, ата-аналардың қажеттіліктері мен сұраныстары ескеріледі, бұл өз кезегінде болашақ шараларды жетілдіруге көмектеседі. Қатысушылардың психоэмоционалдық жағдайының жақсаруы байқалады, әлеуметтік оқшаулану деңгейі төмендейді. Чат тұрақты байланыс алаңына айналып, ата-аналардың ақпарат алу мүмкіндігі артады.
5	10 ата-ананы және оның психоневрологиялық патологиясы бар балаларын қамти отырып, 3 іс-шара ұйымдастыру.	1. Ашық аспанда эстафеталық ойындар ұйымдастыру. Күнтізбелік жоспарға сәйкес эстафеталық ойынның болатын уақытымен өткізу орнын анықтау. Ойынды жүргізетін жүргізуші, әділ-қазылар, ойынды бақылаушы еріктілерді бекіту. Эстафета кезеңдерін анықтау, бағдарлама даярлау. Эстафеталық ойынға қажетті ойын кезеңдеріне қажетті жабдықтарды қамтамасыз ету. Марапат қағазларымен, сыйлықтарын қамтамасыз ету.	Шілде 2025	Тамыз 2025	1 эстафеталық ойын ұйымдастырылып, өткізіледі. Қатысушы саны – 10 ата-ана. Жоба міндетінің күтілетін нәтижелері қатысушылардың физикалық белсенділігі артады, ұжымдық жұмыс дағдылары қалыптасады. Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас нығайып, бір-біріне деген сенімі артады. Жарыс элементтері арқылы балалардың ынтасы артып, психоэмоционалдық жағдайлары жақсарады. Табиғат аясында демалу арқылы ата-аналар мен балалар стресстен арылады, олардың арасындағы қарым-қатынас нығаяды. Ерекше балаларға сенсорлық тәжірибе алуға мүмкіндік беріледі, ал ата-аналар өзара тәжірибе алмасып, қолдау көрсетеді.

					Отбасылардың ерекше сәттері есте қалатын естелік ретінде сақталады. Ата-аналар мен балалардың эмоционалдық жақындығы артып, олардың өздерін қоғамның бір бөлшегі ретінде сезінуіне мүмкіндік жасалады.
		2. Таза ауаға немесе теңіз жағасында пикник ұйымдастыру. Жағажайға арнайы жабдықтарды даярлау. Балаларға арнайы бақылаушылар мен волонтерлер тағайындау. Ата-ана мен балаларға, ұйымдастырушы топқа, еріктілерге жағажайға дейінгі трансфер дайындау. Су, тағамдармен қамтамасыз ету.	Шілде 2025	Тамыз 2025	10 ата-ана мен балаларға арналған теңіз жағалауында демалыс ұйымдастырылады. Арнайы ойындар ойнатылады.
		3. Отбасылық фотосессия ұйымдастыру. Фотосессия өткізетін арнайы студия жалға алу. Балалардың еркін сезілу үшін аниматорлық студияның аниматорларын шақыру. Әрбір отбасымен 10-15 минуттық фотосессия ұйымдастырылады. Фотосессия бағдарламасы ұйымдастырылады. Түсірілім аяқталғаннан кейін әр отбасыға 10 өңделген фотоны табыстау. Ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасылардың өміріндегі маңызды сәттерді естелікке сақтау. Ата-аналар мен балаларға эмоционалдық қолдау көрсету және өздерін ерекше сезінуге мүмкіндік беру. Отбасылардың бір-бірімен танысуы мен қарым-қатынас орнатуына ықпал ету.	Қыркүйек 2025	Қыркүйек 2025	10 ата-анаға отбасылық фотосессия жасалады.
6	50 ерекше бала және олардың ата-аналарын қамти	Арнайы бастамалар аясындағы іс-шаралар Жоба шеңберінде, жеке бастамалар негізінде,	Маусым 2025	Желтоқсан 2025	Мерекелік іс-шаралар арқылы балалар мен ата-аналар үшін ұмытылмас сәттер сыйланып, олардың эмоционалдық жағдайын

	отырып, 2 мерекелік ертеңгілік ұйымдастыру.	ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналарына арналған «1 маусым – Балаларды қорғау күні» және «Жаңа жылдық арнайы мерекелік шоу-концерт» ұйымдастырылады. Мерекелік бағдарламалар балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға, олардың әлеуметтенуіне ықпал етуге және ата-аналардың бір-бірімен жақынырақ танысуына жағдай жасауға бағытталған. Іс-шаралар ойын-сауық бағдарламаларын, театрландырылған қойылымдарды, анимациялық шоу элементтерін және шығармашылық мастер-класстарды қамтиды.			жақсартуға ықпал етеді. Қоғамда инклюзия мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оң өзгерістер жүзеге асады.
--	---	--	--	--	--

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
1.	Әкімшілік шығындар						3 490 410	
	Еңбекақы оның ішінде						2 821 910	
	Басшылық	ай	7	150 000	1 050 000		1 050 000	
	Есепші	ай	7	100 000	700 000		700 000	
	Сарапшы	ай	7	100 000	700 000		700 000	
	Әлеуметтік аударымдар:	ай	7	15 750	110 250		110 250	
	МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	ай	7	10 500	73 500		73 500	
	Әлеуметтік салық	ай	7	18 130	126 910		126 910	
	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы аударымы	ай	7	8 750	61 250		61 250	
	Кеңсені жалға алу	ай	7	82 000	574 000		574 000	
	Кеңсе тауарлары	ай	7	8 500	59 500		59 500	

	Банк комиссиясы	ай	7	5 000	35 000		35 000
2.	Тұра шығындар						8 145 590
2.1	1,2-міндеттер: 10 ата-анаға арналған 2 топтық кездесу ұйымдастыру. 15 ата-анаға психологтар немесе психоневрология мамандарының (басқа өңірден арнайы шақырылған) жеке кеңес беруді өткізу						3 530 000
	Іс-шара өткізу мақсатында залды жалға алу қызметі	қызмет	4	200 000	800 000		800 000
	Іс-шараға қатысатын мамандар қызметі (3 адам)	қызмет	3	500 000	1 500 000		1 500 000
	Іс-шара барысында балаларды қарайтын күтуші қызметі (4 адам)	қызмет	4	100 000	400 000		400 000
	Басқа өңірден келетін мамандардың жол шығыны	билет	6	60 000	360 000		360 000
	Қонақ үй қызметі (3 адам*3 тәулік)	тәулік	9	30 000	180 000		180 000
	Түскі ас, кешкі ас ұйымдастыру қызметі	қызмет	9	10 000	90 000		90 000
	Таратпа материалдар алу/жасату қызметі (Блокнот, қалам 25дана*1000 тг)	қызмет	1	25 000	25 000		25 000
	Полиграфиялық қызмет (ақпараттық брошюра 25дана*1000 тг)	қызмет	1	25 000	25 000		25 000

	Іс-шара кезінде су жеткізу қызметі (50 дана*200 тг)	қызмет	1	10 000	10 000		10 000
	СММ маманы қызметі	қызмет	2	25 000	50 000		50 000
	Ақпараттарды БАҚ-та жариялау қызметі (3 БАҚ парақшасында 2 материалдан жариялау)	қызмет	3	30 000	90 000		90 000
2.2	3,4 – міндеттер: 15 ата-анаға арналған кемінде 5 оффлайн оқыту/вебинарлар сериясын ұйымдастыру. Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында онлайн чат құру.						2 597 000
	Іс-шара өтетін залды жалға алу қызметі	қызмет	5	150 000	750 000		750 000
	Іс-шараны өткізетін маман қызметі (5 адам)	қызмет	5	100 000	500 000		500 000
	Іс-шара барысында балаларды қарайтын күтуші қызметі (5 адам)	қызмет	5	100 000	500 000		500 000
	Кофе-брейк ұйымдастыру қызметі (75 адам*2500 тг)	қызмет	1	187 000	187 000		187 000
	СММ маманы қызметі	қызмет	5	25 000	125 000		125 000
	Банер жасау қызметі	қызмет	5	50 000	250 000		250 000
	Полиграфиялық қызметі (ақпараттық брошюра, диплом – 15дана*2000 тг)	қызмет	1	30 000	30 000		30 000
	Таратпа материалдарын алу/жасату қызметі (Блокнот, қалам – 75 дана*1000 тг)	қызмет	1	75 000	75 000		75 000

	Іс-шараларды БАҚ-та жариялау қызметі (3 БАҚ парақшасында – 5 материал)	қызмет	3	60 000	180 000		180 000
2.3	5,6-міндеттер: 10 ата-ананы және оның психоневрологиялық патологиясы бар балаларын қамти отырып, 3 іс-шара ұйымдастыру. 50 ерекше балаға арналған 2 мерекелік ертеңгілік ұйымдастыру.						2 018 590
	Табиғатқа саяғаттауға көлік жалдау қызметі	қызмет	3	100 000	300 000		300 000
	Эстафета ойындарына жабдықтар алу қызметі	қызмет	1	100 000	100 000		100 000
	Пикник барысында ойын ұйымдастыру қызметі	қызмет	1	50 000	50 000		50 000
	Түскі ас, таңғы ас (40 адам*10000 тг)	қызмет	1	400 000	240 000		240 000
	Іс-шара барысында балаларды қарайтын күтуші қызметі (4 адам)	қызмет	4	50 000	200 000		200 000
	Демалыс аймағын жалға алу қызметі	қызмет	2	50 000	100 000		100 000
	Азық-түлік шығындары	қызмет	1	150 000	150 000		150 000
	Кәсіби фототүсірілім қызметі (10 адам*25000 тг)	қызмет	1	250 000	250 000		250 000
	50 балаға арналған ертеңгілік концертін ұйымдастыру қызметі (100 бала*5000 тг)	қызмет	1	500 000	500 000		500 000
	Іс-шара барысындағы ойындардың	қызмет	1	30 000	30 000		30 000

жөнімпаздарының марапаттарын алу/жасату қызметі (кубок, диплом – 10 адам – 3000 тг)						
Іс-шараларды БАҚ-та жариялау қызметі (3 БАҚ парақшада)	қызмет	1	98 590	98 590		98 590
Жиынында:						11 636 000

Іс-шараларды БАҚ-та жариялау қызметі (3 БАҚ парақшада)

КЫЗМЕТ

1

98 590

98 590

98 590

Жиынында:

11 636 000

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

6. Өтінімді растау

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;

- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;

Директор

2025ж. "13" 03

(ұйым басшысының қолы және қолының толық жазылуы)

(толтыру күні)

